


КӘСІПКЕРГЕ ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ВЕЛОЖОЛДАР ҰЗАРЫП БАРАДЫ

5-БЕТ | САРАПТАМА



ТАХАУИ ТЕАТРЫНЫҢ ТАРТУЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> «Таза Қазақстан» акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алады. Халықтың бұл бастамаға барынша қолдау білдіргеніне тәнтімін. Әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіргім келеді. Қазақстан азаматтары мұның кезекті бір науқан емес, озық ойлы қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін түсінді.

№121
(4865)
Сейсенбі
14 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЗАҚСТАН ПАВИЛЬОНЫ – ЖЕҢІМПАЗ

Кеше Дүниежүзілік EXPO 2025 Osaka көрмесі аяқталды. 2025 жылғы 13 сәуір мен 13 қазан аралығында өткен көрмеге 160 мемлекет қатысып, жалпы келушілер саны 28 миллион адамнан асты.

Көрмеге қатысушы мемлекеттер үшін басты оқиға болып саналатын EXPO Awards марапаттау рәсімінде Қазақстан павильоны Theme Development («Көрме тақырыбын ашу») негізгі номинациясы бойынша «С» санатындағы шағын павильондар арасында бірінші орынды иеленді. Бұл санатқа 90-нан астам ел кірді. Қазақстан экспозициясы көрменің басты тақырыбын мазмұнды және ерекше түрде ашқаны үшін жоғары бағаға ие болды.

Қазақстан павильоны «Өмірді біріктіру» кластерінде орналасып, шамамен 1,5 миллион адамды қабылдады.



АСТАНА – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Астана шын мәнінде тазалықтың үлгісіне айналды. Апта сайын ұйымдастырылатын жалпы қалалық сенбілікке қатысатын тұрғындардың қатары көбейіп келеді. Өткен сенбіде 150 мыңнан аса адам тазалық жұмыстарына атсалысты. Ауқымды экологиялық акцияға қатысушылар қатарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та болып, экобелсенділермен бірге ағаш отырғызды.

САНСӨЙЛЕМ

АСТАНАДА ӨТКЕН ЭКОШАРА АЯСЫНДА

11 000

АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ.



ОҚЫРМАНМЕН

Құрметті оқырман, бүгін қолдарыңызға тиіп отырған «Astana aqshamy» газетінің жарыққа шыға бастағанына 35 жыл толды. 1990 жылдың 13 қазан күні тұңғыш нөмірі жарыққа шыққан қалалық газет бүгінгі таңда республикалық қоғамдық-саяси басылымға айналып отыр.

6–7

ӨҢІРЛЕРГЕ КӨШУ ЖАЛҒАСУДА


Елімізде жұмыс күші артық өңірлерден жеткіліксіз өңірлерге қоныс аудару бағдарламасы жалғасып жатыр.

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша елімізде ерікті қоныс аудару шеңберінде жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге 5 213 адам, оның ішінде 1 725 қандас және 3 488 қоныс аударушы көшіп келді.

Барлық қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді. Осы жылдың соңына дейін тағы 9 653 адамды көшіру жоспарлануда.

Өңірлер бойынша: Павлодар облысына – 1 886 адам, СҚО – 1 516 адам, Қостанай облысына – 575 адам, ШҚО – 490 адам, Абай облысына – 305 адам, Ақмола облысына – 257 адам, Атырау облысына – 103 адам, Ұлытау облысына – 43 адам, Қарағанды облысына 38 адам қоныс аударған.

Астанада 20-25 қазан аралығында ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған II Шахмат олимпиадасы өтеді.



«2nd Chess Olympiad for People with Disabilities» жарысына әлемнің 32 елінен келген 35 команда қатысады. Салтанатты ашылу рәсімі 20 қазан күні сағат 14:00-де басталады.

Жарыс Паралимпиадалық жаттығу орталығында (Нұра ауданы, Қараөткел-3 шағын ауданы, Ақшоқы қиылысы, 2) өтеді.

1-5-турлар 20-24 қазан аралығында сағат 15:00-де басталады, ал 6-тур 25 қазанда сағат 11:00-де өтеді.

№121 (4865) 14/10/2025 Сейсенбі



Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЕҢ АЛДЫМЕН НИЕТІМІЗ ТАЗА БОЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысты. Президент Астана қаласындағы Ботаникалық саябақта ерікті және белсенді жастармен бірге ағаш екті. Жалпыұлттық іс-шара аясында биыл республика аумағында 2,4 миллионға жуық көшет отырғызылған.

Мемлекет басшысы Jasyl El ұйымының белсенділерімен әңгімелесіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрген жастарға алғыс айтты. «Баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл – өте қажетті жұмыс. Еліміз бен халқымыз үшін керек іс. Сондықтан Сіздерге табыс тілеймін. Істеріңіз сәтті болсын. Ең алдымен ниетіміз таза болуы керек. Отанымыз үшін қызмет етуге тиіспіз. Jasyl El ұйымының жұмысын қолдаймын. Жұмыстарыңыз өзге жастарға өнеге, олар Сіздерден үлгі алады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент Нұра ауданындағы Greenline бульварын аралап көрді. Аумағы 3,8 гектар болатын нысандағы жұмыстың бірінші кезеңі аяқталған. Мұнда жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге арналған жолдар, сәулеттік қалыптар және жасанды тоғандар бар.


Мемлекет басшысына Астана қаласындағы абаттандыру жұмыстары жайында мәлімет берілді. Жеңіс Қасымбек елордада қазір 170 қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру бойынша кешенді бағдарлама іске асырылып жатқанын айтты. Бұл жұмыстар Ботаникалық бақта, Триатлон паркінде, Ататүрік, Бейбітшілік және келісім, Президент саябақтары мен қаланың негізгі көшелерінде жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар «Мыңжылдық» аллеясын абаттандырудың тұжырымдамасы жасалды. Есіл өзенінің жағалауын реконструкциялау іс-шаралары аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы қала инфрақұрылымын жетілдіру, тұрғындарға заманауи әрі қолайлы, экологиялық тұрғыдан таза орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

МӘЖІЛІСТІҢ ҚЫЗМЕТІН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Президентке Палата қызметі туралы ақпарат берілді. Ерлан Қошанов депутаттар жұмыс барысында Президент Жолдауы мен ел дамуы бойынша берген тапсырмаларды заңнамалық тұрғыда уақтылы әрі сапалы қамтамасыз етуге ерекше мән беретінін баяндады.



Бүгінде 15 заң қабылданып, Сенатқа жолданды. Мәжіліс қарауында 77 заң жобасы бар. Жыл соңына дейін Құрылыс, Цифрлық кодекстер мен «Банк қызметі туралы» Заңды қабылдау жоспарланып отыр. Сондай-ақ сайлау, тұтынушылардың құқығын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу секілді заң жобаларына қатысты жұмыс жүргізілуде. Депутаттар жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы заңнамаға түзетулер енгізуге, сондай-ақ креативті индустрия, ғылыми зерттеу аумақтарын дамыту, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, бағбандық шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік қолдау бойынша заң жобаларына бастамашы болды.

Заң шығару жұмысы жұртшылықтың, сарапшылардың және БАҚ өкілдерінің қатысуымен ашық жүргізілуде. Барлық саяси партиялардың фракциялары өз электоратының сұранысына сәйкес ұсыныстарын белсенді түрде енгізіп жатыр. Маңызды заң жобалары Қоғамдық палатаның отырыстарында қаралады.

Мәжіліс Төрағасының айтуынша, депутаттар Мемлекет басшысының Жасанды интеллектіге қатысты бастамаларын іске асыруға белсенді атсалысып келеді. Қыркүйек айының соңында Мәжіліс «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдап, Сенатқа жолдады. Сонымен қатар қазақстандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен парламенттік тыңдау өткізілді. Депутаттардың және Энергетика министрлігінің бастамасымен Ақтауда мұнай-газ саласындағы машина жасау ісін дамыту форумы өтті. Мұнай-газ секторындағы сатып алуларда қазақстандық үлесті жүйелі түрде арттыру жайлы шешім қабылданды. Депутаттар мұны ұдайы бақылауда ұстайды.

Ерлан Қошанов парламенттік дипломатия аясында атқарылған жұмыс жайында мәлімет берді. Елімізге Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының және Мажарстан Мемлекеттік жиналысының төрағалары ресми сапармен келді. Көптеген елдің парламенттерімен достық топтары белсене қызмет атқаруда, заң шығару саласында тәжірибе алмасу жолға қойылған және мемлекетаралық жобаларды қолдау бойынша жұмыс жүргізілуде. Депутаттар ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы, ТүркПА, ТМД Парламентаралық ассамблеясы және басқа да көпжақты ұйымдар аясында табысты қызмет атқарып келеді.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Швейцария – Қазақстан» парламенттік достық тобының мүшелерімен кездесті. Кездесу барысында Президент Қазақстан Еуропадағы уақыт тезінен өткен сенімді серіктесі саналатын Швейцариямен ұзақ жылдардан бері қалыптасқан қарым-қатынасқа ерекше мән беретінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы Швейцарияға жасаған ресми сапары екі ел арасындағы серіктестікті нығайтуға берік негіз қалағанына назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, швейцариялық депутаттар делегациясының елімізге келуі жанжақты ықпалдастықты одан әрі дамытуға қос тараптың да ниетті екенін көрсетеді. Бұл ретте өзара түсіністікті нығайтып, екіжақты ынтымақтастықты жандандыруда парламенттік дипломатияның маңызды рөл атқаратынына мән берілді. «Швейцария – Қазақстан» парламенттік достық тобының үйлестірушісі Филиппо Ломбарди қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Швейцарияның серіктестік байланыстарды кеңейтуге және бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін жеткізді.

Кездесуде Астана мен Берн арасындағы сауда-инвестициялық ынтымақтастық перспективасы, сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы іс-әрекеттерді өзара үйлестіру мәселелері талқыланды.

№121 (4865) 14/10/2025 Сейсенбі

МАГИСТРАНТТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Астана қалалық мәслихатының депутаттары ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранттарымен кездесті. Кездесу барысында депутаттар өз қызметінің негізгі бағыттары туралы айтып берді.

Атап айтқанда, мәслихаттың сессияларында және тұрақты комиссиялардың отырыстарында шешімдердің қалай әзірленіп, қабылданатыны, атқарушы органдармен өзара іс-қимыл қалай жүзеге асырылатыны, азаматтарды қабылдау кезінде қала тұрғындарын толғандыратын қандай мәселелер жиі көтерілетіні сөз болды. Сондай-ақ қалалық инфрақұрылымды дамытуға, жастар мен кәсіпкерлікті қолдауға, әлеуметтік салаға бағытталған жобалар мен бастамалар туралы да айтылды.

«Мәслихат – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Ондағы әрбір шешім қаланың дамуына, инфрақұрылымына және тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер етеді.

Академияда оқу депутаттық қызметімді тереңірек түсінуге, мемлекеттік басқарудың заманауи тәсілдерін меңгеруге және осы тәжірибемен болашақ көшбасшылармен бөлісуге мүмкіндік береді» деді Академия магистранты, Астана қалалық мәслихатының депутаты Ғабит Тәжімұратов.

Магистранттар кездесуде талқыланған тақырыптарға үлкен қызығушылық танытып, шешім қабылдау тетіктері, депутаттардың қызметінің ашықтығы, сондай-ақ Президенттің Жолдауын және ұлттық реформаларды іске асырудағы жергілікті өкілді органдардың рөлі жөнінде өзекті сұрақтар қойды.

700 ТОННА ӨНІМ ӘКЕЛДІ

Елордада өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері маусымын Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының тауар өндірушілері жалғастырды. Өткен демалыс күндері олар астаналықтарға өз өнімдерін ұсынды, деп хабарлайды Астана әкімдігінің ресми сайты.



Жәрмеңке «Қазанат» ипподромы аумағында өтті. Екі өңірдің аграрийлері елордаға ет, балық, сүт және бакалея өнімдерін, жаңа піскен көкөніс пен жеміс-жидек, сондай-ақ бал жеткізді. Барлығы 700 тоннадан астам тауар фермерлерден тікелей жеткізілді.


«Жәрмеңкенің мақсаты – елорданың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Барлық фермер өнімдерін «алқаптан дастарқанға дейін» қағидаты бойынша сатады, сол себепті баға қолжетімді болып отыр. Әр өңір өз өндірушілерін іріктеп, ең үздік тауарларын ұсынады» деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жанабаев.

Саудамен қатар, іс-шара ұлттық нақышта безендіріліп, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге қатысушылардың қатарында дәстүрлі сусындар мен фермерлік өнім өндірушілер болды.

Еске сала кетсек, биыл жәрмеңкелер әр демалыс сайын «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1 мекенжайында) өткізіліп келеді.

CEREBRA ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Астананың денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі уақытта жасанды интеллектке (ЖИ) негізделген бірқатар шешім енгізіліп жатыр. Бұл туралы денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру жөніндегі жұмыс кеңесінде Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова айтты.



Басқарма басшысының айтуынша, жасанды интеллект саласындағы озық шешімдердің бірі – Cerebra бағдарламалық қамтамасын енгізу. Ол инсультті автоматтандырылған түрде диагностикалауға арналған.

«Елімізде жыл сайын 40 мыңнан астам инсульт жағдайы тіркеледі. Бұл диагноз қойылған науқастардың 60%-дан астамы мүгедектікке ұшырайды, шамамен 5 мың адам инсульттен кейінгі алғашқы 10 күн ішінде көз жұмады, тағы 70%-ы тұрақты күтімді қажет етеді. Ауруды диагностикалаудағы басты қиындық – адам көзімен КТ суреттерінен цитотоксикалық ісінуді (ісіну) анықтау мүмкіндігінің шектеулі болуы.

Жобаның артықшылықтары: жоғары жылдамдық пен дәлдік, инсульттің түрі мен қосалқы түрін нақты анықтау мүмкіндігі, уақыт шектеулі жағдайда дәрігерлерге тиімді көмек көрсету» деді Әлия Рүстемова.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының өкілдері Ұлттық ұлан авиабазасымен танысты. Экскурсия барысында 50-ден астам бала авиация әлеміне саяхат жасап, елді биіктен қорғайтын әскери қызметшілердің өмірімен танысып, аңызға айналған ұшақтар мен тікұшақтарды көрді. Сондай-ақ қызметтері жайлы шынайы әрі мақтанышпен баяндаған ұшқыштармен тілдесті.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТПЕН ТАНЫСТЫ

«Біз балаларымызға Отанға деген сүйіспеншілік – жай сөз емес екенін көрсеткіміз келді. Ұлттық ұланның авиаторлары – ерлік пен тәртіптің, іске адалдықтың жарқын үлгісі» деді қозғалыстың астаналық филиалының төрағасы Айдархан Маханбет.

Әсіресе оқушылардың ерекше қызығушылығын қуатты Y-8 әскери-көлік ұшағы тудырды. Олар ұшқыш кабинасын көріп, құрал-жабдықтарды қолдарымен ұстап көрді.



КӘСІПКЕРГЕ ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру жөнінде ашық байқау жариялады.

Байқауға тізілімге енгізілген әлеуметтік кәсіпкерлер, сондай-ақ «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистері қатыса алады. Өтінімдер тек онлайн форматта, kezekte.kz платформасы арқылы 2025 жылдың 15 қазанынан 20 қазанына дейін қабылданады.

Көрсетілген мерзімнен кейін түскен өтінімдер қабылданбайды. Байқауға қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысанда электрондық өтінім мен толық құжаттар пакетін ұсынуы қажет.

Мемлекеттік грант 5 миллион теңгеге дейінгі сомаға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға беріледі.

ОҚУШЫ ЭЛЕКТРОВЕЛОСИПЕД ОЙЛАП ТАПТЫ

Астанадағы UBES мектебінің 10-сынып оқушысы Нұрхат Абду ерекше жоба жасап шықты – ол жыл мезгілі мен жол жағдайына қарамастан жүре алатын электровелосипед құрастырды.

Жас өнертапқыштың айтуынша, көлік электрондық жүйемен жұмыс істейді. Бір толық зарядпен шамамен 17 шақырымға дейін жүруге болады. Ал оның ең жоғары жылдамдығы – 33 км/сағ. Нұрхаттың ойлап тапқан электровелосипеді кез келген жолда қозғала алады. Яғни, қала ішінде де, бұдырлы немесе қар басқан жолдарда да қиындықсыз жүреді. Оқушының айтуынша, бұл жоба мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де ыңғайлы көлік бола алады. Себебі электродвигатель басқаруды жеңілдетіп, тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

Астана әкімдігінің хабарлауынша, жас өнертапқыштың бұл еңбегі елордалық мектеп оқушылары арасындағы техникалық шығармашылықтың жоғары деңгейін көрсетеді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы қарашаның бірінші онкүндігінде «Негізгі спорт түрлеріне басымдық беруді ескере отырып, Астана қаласының тұрғындары арасында спорт пен дене шынықтыруды дамыту стратегиясы туралы. Халықтың барлық санаттарын, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарды, аға буынды бұқаралық спортқа тарту» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл.пошта: astana@maslihat01.kz.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№121 (4865) 14/10/2025 Сейсенбі





ТАЗАЛЫҚ пен ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты кең ауқымды экологиялық акциясы аясында елордада өткен жалпы қалалық сенбілікке 150 мыңнан астам адам қатысып, бас шаһарды тазарту ісіне өз үлестерін қосты.



Экоакция аясында қала тұрғындары, еңбек ұжымдары, мемлекеттік органдар қызметкерлері, шағын және орта бизнес субъектілері, волонтерлермен бірге мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар, мәдениет және спорт қайраткерлері, сондай-ақ ПИК (МИБ) өкілдері және басқа да ұйымдар көпқабатты тұрғын үйлер мен өз мекемелерінің ауларын тазалады.

Қала әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, сенбілікке 150 мыңнан астам адам, 4 мыңнан аса кәсіпорын, ұйым және мекеме қатысып, шамамен 800 арнайы техника тартылды. Экоакция аясында Астананың барлық алты ауданында 11 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Сондай-ақ экологиялық акция аясында Мемлекет басшысы волонтерлермен және экобелсенділермен бірге елордалық Ботаникалық бақ аумағына ағаш отырғызуға қатысып, барлығы 150 ағаш отырғызылды.

АУДАНДАР ДА АТСАЛЫСТЫ

Сарайшық ауданында Мәжіліс депутаттары мен Палата аппаратының қызметкерлері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына қатысты. Олар Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры жанындағы аллеяда 140 түп ағаш отырғызды.

– Бүгін біз депутаттармен бірге «Таза Қазақстан» экологиялық науқаны аясында елордада ағаш көшеттерін отырғыздық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл бастамасы қарапайым сенбілік шеңберінен шығып, елді тазалық сақтап, табиғатты құрметтеу идеясының төңірегіне біріктіретін жалпыхалықтық қозғалысқа ұласты. Науқан экологиялық жауапкершілік мәдениетін нығайтып, қоршаған ортаны сақтауға атсалысатын игі дәстүрге айналып келеді, – деді Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов.

Сенбілік барысында 20 мыңнан астам аула тазартылды, 100-ден астам саябақ пен сквер абаттандырылды, 84 тарихи-мәдени нысан ретке келтірілді, 200 тонна қоқыс шығарылды. Сондай-ақ 200 әлеуметтік нысанның – мектептердің, балабақшалардың, денсаулық сақтау, спорт және әлеуметтік қорғау мекемелерінің, сондай-ақ өнеркәсіптік және бизнес нысандарының аумақтарында тазалық жұмысы жүргізілді.

Елордадағы Алматы ауданында республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жаппай ағаш отырғызу шарасы өтті. Көгалдандыру жұмыстары Абылай хан даңғылы бойында Күйшілер аллеясында және Р.Қошқарбаев даңғылының бойында жүргізілді. Қаланың экологиялық ахуалын жақсарту, жасыл желектерді көбейту және тұрғындар үшін жайлы қоғамдық кеңістіктер қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, коммуналдық қызмет мамандары, қоғам белсенділері, волонтёрлер мен аудан тұрғындары қатысты.

Астана қаласының Есіл ауданында өткен сенбілікке ақын-жазушылар, мәдениет пен өнер саласының қайраткерлері, қалалық «Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының» қызметкерлері белсене қатысты.

Сенбілікке қатысушылар қаланың жасыл аймағын кеңейту мақсатында 100-ден аса ағаш көшетін отырғызды. Бұл бастама елорданың экологиялық мәдениетін көтеру және тұрғындарды табиғатты аялауға шақыру мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында Астана қаласы Жазушылар одағы филиалының төрағасы Бауыржан Бабажанұлы қатысушыларға алғысын білдіріп, табиғатты қорғау тек экологиялық емес, рухани жауапкершілік екенін атап өтті.

Зиялы қауым өкілдері сенбілікті «ел игілігі үшін жасалған сауапты іс» деп бағалап, қала тұрғындарын табиғатты аялауға шақырды.

Белсенділердің айтуынша, мұндай акциялар елорда тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және табиғатқа деген жауапкершілікті арттыруға үлкен серпін береді.

ӨНЕР ИЕЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

Экоакция барысында Астана қаласы Мәдениет басқармасы мен ведомстволық бағынысты 14 ұйымның 2000-нан аса қызметкері, оның ішінде әртістер кең ауқымды тазалық іс-шарасына қатысты.

Олар Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік Академиялық филармонияның аумағын тазартты.

– Бүгін біз әріптестерімізбен апта сайынғы сенбілікке жиналдық. Бұл – біздің бүкіл ұжымымыз үшін маңызды іс-шара, өйткені әрқайсымыз қаланың әрқашан таза әрі әдемі болғанын қалаймыз. Біз «Таза Қазақстан» акциясын үнемі қолдаймыз және әр сенбі сайын нысанды ретке келтіру, сондай-ақ ұжымды нығайту үшін тазалауға шығамыз, өйткені мұндай акциялар адамдарды өте жақындастырады. Тазалаған жерлеріміздің таза әрі көрікті болып тұрғанын көру өте ғанибет, – деді филармония бас директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары Қалқаман Дүйсембаев.

300 АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» акциясы аясында Астанада өткен жалпықалалық сенбілік барысында елордадағы «Көктал» саябағына 300-ден аса түп ағаш отырғызылды.

Ағаш отырғызуға елорда әкімдігі мен басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысты. «Көктал» саябағында 300-ден аса түп алма, қайың және басқа да көшет түрлері отырғызылды.

– «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында көгалдандыру және абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сарыарқа ауданының аумағында 2500-ге жуық ағаш отырғызылды. Сондай-ақ аулаларға егу үшін тұрғындарға көшеттер таратылды, – деді аудан әкімі Жанасыл Шаукентаев.

Сенбілікте мемлекеттік органдардың, білім беру, Медициналық және мәдени ұйымдардың, ПИК/МИБ өкілдері, сондай-ақ тазалыққа бей-жай қарамайтын тұрғындар белсенділік танытты.

СТУДЕНТТЕР ДЕ АТСАЛЫСТЫ

Astana IT University студенттері «Таза Қазақстан» экоакциясын қолдап, Ақмешіт – Орынбор – Түркістан – Керей және Жәнібек хандар көшелерінің ортасында орналасқан бос жер аумағын тазалауға шықты.

Экоакцияны Жастар саясаты басқармасы мен Astana IT университеті экологиялық мәдениетті арттыру және қалалық ортаны абаттандыру мақсатында ұйымдастырды.

Акция барысында қатысушылар тұрмыстық қоқыстарды жинап, аумақты пластикалық қалдықтар мен қураған өсімдіктерден тазартты. Студенттер мұндай іс-шаралар қаланы таза етіп қана қоймай, жастарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау идеясына жұмылдыруға септігін тигізетінін атап өтті.

– Біз Astana it University студенттерінің бастамашылық танытып, өз ауданын абаттандыруға атсалысуға дайын екендігіне қуаныштымыз. Мұндай акциялар жастардың бойында жауапкершілік пен ұйымшылдық сезімін қалыптастырады, сондай-ақ басқа тұрғындарды игі істер жасауға шабыттандырады, – деді Astana IT University әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің директоры Арман Кенжебеков.

Ұйымдастырушылар барлық қатысушыға белсенділік танытқаны үшін алғыстарын білдіріп, бұл сенбілік елорда студенттері арасында тазалық пен табиғатқа қамқорлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған экологиялық бастамалардың бір бөлігі болғанын атап өтті.

СПОРТШЫЛАР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты экологиялық акция аясында елордада ұйымдастырылған кең ауқымды сенбілікке 1000-ға жуық елордалық спортшы, бапкерлер және спорт мектептерінің ұжымдары қатысып, қаланың бірнеше аумағын тазартуға өз үлестерін қосты.


Атап айтқанда, қазақ күресінің майталмандары, хоккейшілер, боксшылар, ауыр атлеттер, құсбегілер, тоғызқұмалақ, самбо және теннис спортшылары Ғашықтар саябағы аумағын қоқыстан тазартты. Ал өзге топтар Тәуелсіздік көшесі бойындағы №4 спорт мектебінің аумағы мен Ақбұлақ өзенінің есу каналы маңын күл-қоқыстан тазартып, сенбілік іс-шарасын жалғастырды.

– Бүгін біз жалпықалалық сенбілікке шықтық. Мектебіміздің санитарлық тазалау, көгалдандыру және қоқыс жинау мақсатында мұндай іс-шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. Жалпы, сенбіліктер тұрғындардың қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға зор үлес қосады, – деді бокстан Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері Есенбек Сағындық.

Сенбілікке қатысқандардың қатарында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында Азия чемпионатының күміс жүлдегері Аңсар Тұрсынбек, бокстан Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері Есенбек Сағындық, бокстан қалалық және республикалық жарыстардың жүлдегері Иманғали Қайратұлы, қазақ күресінің спортшысы Ерсаян Жарқынұлы, самбошы Айлан Қуандықова, сондай-ақ Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит болды.

– Экоакцияның басты мақсаты – елорданың тазалығын сақтауға қоғам назарын аудару және экологиялық мәдениетті дамыту. Бүгін біз спортшылармен бірге қаланың бірнеше аумағында сенбілік ұйымдастырдық. Әсіресе, қаланың сырт жағындағы бірқатар дене шынықтыру және спорт кешенінің аумағында, соның ішінде «Арғымақ» ат спорт кешенінде, «Дәулет» теннис орталығында, хоккей спорт мектебінде және басқа да нысандарда жұмыстар жүргізілді. Осы мекемелердің спортшылары, бапкерлері мен қызметкерлері өз аумақтарын жинап, ағаш отырғызды. Бәрі сенбілікке белсене қатысып, өз үлестерін қосты, – деді Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит.





Дайындаған
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Шапағат
ӘБДІР



ВЕЛОЖОЛДАР ҰЗАРЫП БАРАДЫ

Қала өміріндегі ең басты мәселенің бірі – көлік. Көпшілік күнделікті жұмысқа қатынау үшін автобусқа, жеке көлікке немесе баламалы құралдарға жүгінеді. Соның ішінде соңғы жылдары ерекше сұранысқа ие болып келе жатқаны – велосипед.

Әлемнің көптеген елінде велосипед мәдениеті жоғары деңгейде дамыған. Мысалы, Нидерланд, Дания, Германия, Жапония, Қытай, Канада және Скандинавия елдері бұл бағытта ерекше озық тәжірибеге ие. Бұл мемлекеттерде арнайы веложолдар салынған, қауіпсіздік шаралары заң жүзінде бекітілген, велосипед қоятын тұрақтар жеткілікті, тіпті қоғамдық велосипед жалға алу жүйесі кеңінен қолданылады. Сондықтан Нидерландты әлемдегі «велосипедшілер елі» деп атайды. Амстердам мен Утрехт қалаларының бүкіл аумағы веложолдармен көмкерілген. Сондай-ақ мұнда көпқабатты велотұрақтар бар, ал заңнамалық тұрғыдан жол-көлік апаты болған жағдайда, көлік жүргізушісі жауапты болады. Сонымен бірге Қытай да велосипед мәдениетімен танымал. Бір жағынан, бұл халықтың қарапайым тұрмысын көрсетсе, екінші жағынан экологиялық әрі қолайлы өмір салтының көрінісі. Оның үстіне өзіндік романтикасы да жоқ емес. Астананың да болашағы дәл осындай өркениетті бағытқа ойысатыны сөзсіз.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗАЛАЛЫ ЖОҚ

Астанада 1500 электркөлік, 90 электрқуаттау стансасы бар. Қазіргі таңда веложолдардың ұзындығы 152,75 шақырымды құрайды. 2018 жылы Есіл ауданында ұзындығы 34 шақырым болатын «Велосипед көлігін дамыту» жобасының бірінші кезеңі іске қосылған. Сол жылы «Жасыл белдеу» аумағында ұзындығы 23 шақырым болатын жол торабы салынған. Ал 2020 жылы ұзындығы 89 шақырым болатын велосипед көлігінің екінші кезеңдік инфрақұрылым жобасы әзірленіп, 2021 жылы Ғ.Мүсірепов, Абылай хан, Ш.Құдайбердіұлы, Р.Қошқарбаев пен Мәңгілік ел көше-даңғылдарының бойында 7,5 шақырым веложол салынған. 2024 жылы Мәңгілік ел даңғылын қайта жөндеу жұмысы аясында ұзындығы 3 шақырым (бірінші кезең) веложол төселсе, ал Қабанбай батыр даңғылы бойында Сығанақ көшесінен ипподромға дейін ұзындығы 6 шақырымнан асатын веложол салынған. Биыл Сығанақ көшесінде (Қабанбай батырдан Тәуелсіздікке дейін) ұзындығы 0,4 шақырым веложол, Мәңгілік ел даңғылының екінші кезеңін қайта жөндеуде (Ұлы даладан Қабанбай батырға дейін) ұзындығы 1 шақырым веложол салынған.

– Астана қаласы бойынша пайдаланушыларға 155 велостанса және электрлі велосипедтерге арналған 2 станса жұмыс істейді, қазіргі таңда 774 велосипед пен 13 электрлі велосипед қолжетімді, велостансалардың орналасқан жерін www.velobike.kz сайтынан көруге болады және жүйе тәулік бойы 24/7 режимінде жұмыс істейді. Велосипедті жалға алу үшін алдымен жүйеде тіркелу қажет, ол үшін сайтқа кіріп, жеке деректерді енгізіп, келісімшартпен танысып, оны растау керек, тіркелу құқығы тек 16 жасқа толған адамдарға беріледі, абонементтерді www.velobike.kz сайтынан, CTS кассаларынан немесе CTS мобильді қосымшасы арқылы сатып алуға болады. Қолданушыларға айлық тоқсандық және маусымдық абонементтер ұсынылады, әр абонементте 30, 45 немесе 60 минут тегін пайдалану уақыты бар жеңілдіктер қарастырылған, тиісті құжаттарды ұсынған жағдайда, тоқсандық және маусымдық абонементтерге 50% жеңілдік беріледі, жеңілдікке құқығы бар санаттарға ҰОС қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілгендер, Ауған соғысының ардагерлері, көпбалалы аналар, ерекше қажеттіліктері бар балалар және олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері, барлық топтағы мүгедектер, көпбалалы отбасылар (жеңілдік ата-аналардың біреуіне ғана беріледі) және Астанадағы жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері жатады. Абонементтен бөлек, пайдаланушының жеке шотында кемінде 500 теңге болуы тиіс. Егер велосипедті белгіленген уақыттан артық (30, 45, 60 минуттан кейін) пайдаланса, қосымша төлем алынады, – дейді «City Transportation Systems» ЖШС баспасөз хатшысы Оксана Әубәкірова.

Шынында, велосипедті пайдалану жол кептелісінде ұзақ уақыт тұрып, уақыт жоғалтқаннан әлдеқайда тиімді. Керісінше, велосипедпен межелі жерге дер кезінде жетіп, денсаулыққа да пайдасын тигізуге болады. Алайда қазіргі кезде адамдардың көбі велосипед пен электрсамокатты шатастырып жатады. Соның салдарынан екеуін бірдей деңгейде жол ережесін жиі бұзатын көлік құралдары деп қабылдайтындар аз емес. Біздіңше, электрсамокаттарға қатысты талапты күшейткен кезде велосипедті сонымен бірге қарастыру қате. Өйткені велосипед – қала өмірінің ажырамас бөлшегі. Ол тек көлік құралы ғана емес, тұрғындардың денсаулығына, экологияға және уақыт үнемдеуге оң әсерін тигізеді. Сондықтан қала ішінде велосипедті пайдалануға жағдай жасау – заман талабы. Ол үшін арнайы веложолақтар салу, қауіпсіз велотұрақтар орнату және велосипед инфрақұрылымын дамыту қажет. Сонда ғана велосипед қаланың ыңғайлы әрі қауіпсіз көлік жүйесінің бір бөлігіне айналады.

ТУРИЗМГЕ ЫҚПАЛЫ ҚАНДАЙ?

– Жұмыс барысында бір байқағаным, велосипед мінушілердің қатары жыл сайын көбейіп келеді. Демек, қала өмірінде велосипедке сұраныс артып, адамдардың оны күнделікті қолданысқа көптеп пайдаланып жатқанын көруге болады. Осыған сәйкес әкімдік тарапынан арнайы шаралар қажет. Атап айтқанда, велосипед жолақтарын кеңейту, жаңа веложолдар салу маңызды. Әсіресе жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмейтіндей етіп жобалануы тиіс. Өйткені қазір Астанаға қонақ аударушылар саны өте көп. Қалада тірлік көзі бар: білім, медицина, жұмыс орындары – бәрі осында. Соған байланысты көлік кептелісі жылдан-жылға артып отыр. Осындай жағдайда тұрғындардың біразы жұмысқа велосипедпен баруды жөн көреді. Сонымен бірге соңғы жылдары спорттық велосипед тебу сәнге айналып барады. Тіпті өзім де отбасыммен бірге спорттық велосипедке қызығушылық танытып жүрмін. Сондықтан велосипедтің қолданыс аясын кеңейтіп, халықтың қызығушылығын арттыру керек. Ол үшін ең алдымен веложолдардың сапасын жақсарту қажет. Шетелден келетін туристер үшін де қолжетімді әрі сапалы велосипедтерді ұсыну маңызды. Қазіргі қолданыстағы велосипедтердің жүруі мен міну ыңғайы көп жағдайда көңілден шықпайды. Сол себепті арнайы спорттық үлгідегі велосипедтерді жалға қою, олардың тұрақтарын заманауи етіп, шатырлап, әдемі дизайнмен жасау қажет. Мұндай орындар тек тұрғындарға емес, сыртқа келген қонақтарға да қала мәдениетін танытатын көрініс бола алады. Бұл бастаманың артықшылығы айқын: біріншіден, көлік кептелісін азайтады; екіншіден, халық денсаулығына пайдалы, сонымен қатар велосипедті пайдалану кезінде тәртіп ережелерін сақтау маңызды. Сол үшін қалада велосипед міну мәдениетін қалыптастырып, оны тұрғындарға кеңінен насихаттау қажет, – дейді Астана қаласы Полиция департаменті патрульдік полиция полкі туристерге қызмет көрсету взводының инспекторы, полиция аға лейтенанты Жеңіс Өнербек.

> Астанада 1500 электркөлік, 90 электрқуаттау стансасы бар. Қазіргі таңда веложолдардың ұзындығы 152,75 шақырымды құрайды. 2018 жылы Есіл ауданында ұзындығы 34 шақырым болатын «Велосипед көлігін дамыту» жобасының бірінші кезеңі іске қосылған. Сол жылы «Жасыл белдеу» аумағында ұзындығы 23 шақырым болатын жол торабы салынған

СТУДЕНТТЕРГЕ ТАПТЫРМАС КӨЛІК

Қала тұрғындарының ішінде велосипедті ең көп пайдаланатындар – студенттер. Өйткені студент үшін ең қолайлы көлік – осы. Ол арзан, қолжетімді, күтімі жеңіл әрі қала ішінде емін-еркін қатынауға ыңғайлы. Сондықтан велосипед студент жастардың күнделікті өміріндегі таптырмас көлік құралына айналып отыр. Өкінішке қарай, еліміздің бетке ұстар жоғары оқу орындарының бірі – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің өзінде велосипедке арналған арнайы жабынды сы бар тұрақтар қарастырылмаған. Соның салдарынан студенттер жатақхана маңындағы темір бағаналарға немесе қоршауларға велосипедін байлап кетуге мәжбүр.

«Біздің университетте велосипед қоятын арнайы тұрақтар қарастырылмағандықтан, амалсыздан жатақханалардың маңайындағы темір решёткаларға байлап кетеміз. Бұл, әрине, ыңғайсыз әрі қолайсыз. Егер арнайы жабдықталған велотұрақтар салынса, ол өмірімізді әлдеқайда жеңілдетер еді. Өйткені студент үшін велосипед жай ғана көлік емес. Біз кейде бос уақытымызда түрлі қосымша жұмыс істеп, ақша табуға тырысамыз. Сол кезде қымбат көлігіміз жоқ, автобусты ұзақ күтіп уақыт жоғалтқымыз келмейді. Осындай жағдайда ең тиімді шешім – велосипедке міну» дейді атыжөнін жасырын қалдыруды өтінген студент бала.

ШЫНЫҒУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Жалпы шаһарымызда велосипед спортымен айналысуға арналған арнайы орындар жоқ емес. Арнайы велотректер, жаттығу алаңдары бар, сол жерде кәсіби түрде дайындалатын спортшылар жетерлік. Олар түрлі жарысқа қатысып, қаланың ғана емес, елдің атын шығарып жүр. Яғни қаламызда велосипед тек көлік құралы ғана емес, сонымен қатар спорттың бір тармағы ретінде дамып келеді.

– Қазіргі таңда Астана қаласы әкімдігі №6 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің иелігінде 300-ден астам велосипед құралы бар және 2023 жылы мектепке арнайы 55 велосипед пен 3 автокөлік тапсырылды. Сонымен қатар онда барлығы 426 спортшы спорттық бағдарлама бойынша велоспортпен айналысады. Оның ішінде шоссе – 156 спортшы, трек – 140 спортшы, маунтинбайк – 130 спортшы. Ал велосипедтер арнайы спорт базаларындағы тұрақжайларда сақталады және спортшылар үшін қолайлы жағдай жасалған. Сондай-ақ қаламызда алдағы уақытта велосипед тебушілер үшін веложолдар ұзындығы 123 км-ге дейін ұлғайып, LRT бойында жаңа веложолдар мен демалыс аймақтары салынады, автоматтандырылған велосипед жалға беру жүйесі енгізіліп, спортшыларға ыңғайлы инфрақұрылым жасалмақ. 2025 жылы Астана қаласы мәслихатының шешімімен «Астана орманы» веложолын қалпына келтіру жұмыстары да жоспарланып отыр, – дейді Астана қаласы әкімдігі №6 балалар мен жасөспірімдерге арналған мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің басшысы Бауыржан Өтегенов.




Тариф жоспары		№1 абонемент бағаға әр сапар кіреді 30 минутқа дейін	№2 абонемент бағаға әр сапар кіреді 45 минутқа дейін	№3 абонемент бағаға әр сапар кіреді 60 минутқа дейін
Айлық	стандартты	2 500	3 125	3 750
	жеңілдікті*	–	–	–
Тоқсандық	стандартты	6 000	7 500	9 000
	жеңілдікті*	3 000	3 250	4 500
Маусымдық	стандартты	10 000	12 500	15 000
	жеңілдікті*	5 000	6 250	7 500

№121 (4865) 14/10/2025 Сейсенбі

ЕЛОРДАМЕН БІРГЕ

Райхан РАХМЕТОВА

Елордада басылып, елге таралатын басылым – «Астана ақшамы» республикалық қоғамдық-саяси газетінің жарық көре бастағанына 35 жыл толды. Осы жылдар ішінде басылым бірнеше өсу-өркендеу кезеңінен өтіп, қаланың тыныс-тіршілігін, алған асуы мен жеткен жетістігін қалың бұқараға жүйелі жеткізуші ғана емес, ел руханиятындағы, халық тағдырындағы өзекті мәселелерге үн қосатын мазмұны бай, ойы кемел газетке айналды.


РАСПОРЯЖЕНИЕ
исполкома городского Совета народных депутатов
№ 695р от 11.10. 1991 г.
г.Целиноград
О выделении денежных средств редакции городских газет "Вечерний Целиноград", "Ақмола ақшаты".
Выделить с внебюджетного расчетного счета горисполкома № 000747903 в Кредитсбанке редакции городских газет "Вечерний Целиноград" и "Ақмола ақшаты" (расчетный счет № 001700583 Кредитсбанка) 5080 (пять тысяч восемьдесят) рублей для оказания финансовой помощи.
Председатель исполкома А.К.Булекпаев

РЕШЕНИЕ
Целиноградского городского Совета народных депутатов (пятая сессия двадцать первого созыва)
г.Целиноград 29 ноября 1990 года
Об утверждении редактора газеты "Ақмола ақшаты"
Городской Совет народных депутатов
РЕШИЛ:
Утвердить редактором газеты "Ақмола ақшаты" т.Думагулова Кенжегали Кикатаевича.
Председатель городского Совета народных депутатов А.И.Косенко





берілді. 2018 жылы ҚР Президентінің Алғыс хаты мен «Нұр-Сұңқар» сыйлығын алды. Әр жылдары еңбек еткен көптеген журналист халықаралық, республикалық, қалалық байқаулардың жеңімпаздары мен лауреаттары атанып, басылымның мәртебесін одан сайын асқақтата түсуде.

«Ұлт ұпайы» айдарымен ұлтымыздың ұпайын түгендейтін тіл, өнер, мәдениет, руханият, әдебиет, жер мен ел мәселелері көтеріліп, оқырман мен билікке ой салса, «Шаһар шежіресі», «Елордада – есімі» айдарлары арқылы қаланың тарихы мен көше, маңызды нысандар, ескерткіштер атаулары мен мәні ашылып, тарихы қатталады. «Руханият» айдарында Алаш қайраткерлерінің жанкешті ерлігі мен азаттық үшін күрескен сан қилы жолы туралы тың деректерге толы авторлар мақалалары үздіксіз жарияланып отырады. Бұл басылымның қалалық, елордалық сипатынан да биік, республикалық деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Газетте еңбек жолын бастап, қаламын алғаш осы басылым бетінде ұштаған көптеген журналист «Астана ақшамының» мектебінен өтіп, қарымды қаламгерге, жазуға жүйрік журналистерге айналды. Осында көп жылдан бері еңбек ететін тәжірибелі аға буынның тәрбиесін көріп, буыны қатайып, қанатын кеңге самғайтын кәнігі тілшілер болып шықты, біразы беделді лауазымды қызметтерге көтерілді. Бұл туралы газетте кезінде бас редактордың орынбасары болып қызмет еткен, бүгінде «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары, БАҚ саласы бойынша Президент сыйлығының лауреаты Талғат Батырхан былай дейді:

«Егемендіктің елең-алаңында ашылған,

Бағы жанып бас қала басылымына айналған,

Отандық ақпарат кеңістігінен ойып тұрып орын алған,

Енді, міне, 35 жылдық белесін атап өткелі отырған

Өзіміздің «Астана ақшамы» ғой бұл!

«Астана ақшамы» елорда эпопеясын жазысуға аянбай атсалысты. Оның архивін ақтарсаңыз, талай тарихи оқиғалардың тасқа басылған жылнамасын табасыз. Өткен күндер елесі көз алдында көлбеңдеп, ерекше күйге енесің. Жақсы дәстүр алдағы уақытта да жалғаса беретініне сеніміміз мол».



Елорданың күнделікті тыныс-тіршілігін түгендеп, қаланың өзекті мәселелерін көтеріп келе жатқан іргелі басылым туралы ондағы мақалаға талай рет спикер болып, пікір білдіретін мекеме басшылары, қоғам өкілдері де жоғары баға береді.

– Газеттің көтермейтін маңызды тақырыбы жоқ деуге болады. Бас қаламыздың әлеуметтік-экономикалық мәселелері, көші-қон саясаты, саяси және танымдық сараптама, руханият, тіл мен ділдің жағдайы және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп.

«Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мерзімді баспасөзді үзбей қарайтынын, «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін міндетті түрде оқитынын атап өтті. Мемлекет басшысы осы басылымдардан жақсы мақала немесе сұхбат көрсе, астын сызып оқуға тырысатынын жеткізді. Өзекті мәселе байқаса, оған қатысты нақты тапсырма беретінін де мәлімдеді. Ал ондай өткір тақырыптар мен мәселелер, сараптамалық мақалалар «Астана ақшамы» газетінің әр санында жарық көріп отырады. Президентіміз оқитын газеттер қатарында болуымыз – біз үшін зор мақтаныш әрі бүкіл ұжымға артылған үлкен сенім мен жауапкершілік.

– Ақпарат таратудың жаңа тәсілдерін енгізіп, өзіне қалың оқырман қауымды тарту жолын таңдаған газет бұл күндері еліміздің ақпарат айдынында өзіндік бет-бейнесі қалыптасқан бұқаралық ақпарат құралдарының біріне айналып отырғаны анық. Қала жұртшылығына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан басылымның оқырманға берері мол. Өйткені «Астана ақшамы» газеті ақпараттың қайнар көзіне айналып, оқырманына тәрбиелік-тағылымдық құндылықтарға терең тамыр жіберген құнды қазынаға толы материалдар ұсынуда. Оны көзі қарақты оқырман газеттің әрбір жаңа шығарылымында жарияланған мақалалардан аңғарып келеді. Қол жеткен жетістіктерді ғана көрсетіп қоймай, қала тіршілігінде орын алған кейбір кемшіліктерге сыни көзбен қарай отырып, тың тақырыптарды қаузап, оқырманмен кері байланыс орнатып, олардың ой-пікірін жиі жариялап отырады. Сондай-ақ оқырмандарына зиялы қауым өкілдерінің, ғибратты ғалымдардың, белгілі қоғам қайраткерлерінің, көрнекті ақын-жазушылардың сүбелі сұхбаттарын, қоғамды толғандырған түрлі ой-толғамын ұсыну газеттің айнымас дәстүріне айналғаны көңіл қуантады. Толғауы терең тақырыптар таңдап, айтары бар айдар ашып, құнды да қымбат дүниелер жариялау Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақ журналистикасы жолбасшыларының бірі Еркін Қыдыр жетекшілік ететін газеттің жүйрік журналистерінің білім-білігінің көрсеткіші деп бағалаймын. Мерейтой құтты болсын, әріптестер! – дейді Президент жанындағы Ұлттық құрылтай және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, академик Кәрімбек Құрманәлиев.

Редакцияның қыз-қыз қайнаған шығармашылық жұмысы аяқталып, әр дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері кешке қарай газет жасалып бітеді. Одан әрі газет қатталып, басылып шығуы үшін оның PDF-нұсқасын бет қаттаушылар электронды пошта арқылы елордада 13 жылдан бері жұмыс істейтін «Ernur» медиа-холдингі баспасына жолдайды. Еліміздегі маңдайалды және облыс көлеміндегі 25 газетті шығаратын баспадағы жұмыс кешке сағат 20:00-де басталады. Сол басылымдардың ішінде көркем әрі сапалы безендірілуі, уақытылы дайын болуы жағынан «Астана ақшамы» баспагерлердің қашанда жоғары бағасына ие. Биыл 13 қазандағы 35-інші мерейтойында газеттің №4865 саны осы баспаға жол тартты.



№121 (4865) 14/10/2025 Сейсенбі

ЕҢСЕ ТІКТЕГЕН









Газеттің мазмұны мен тақырыптарының тартымдылығын, күн сайынғы қоғамдағы өзекті мәселелердің толық қамтылуын назарға алып, бүкіл ұжымды бағыттап, жол көрсетіп отыратын бас редактор мен шығармашылық топтың сол бағыттағы әрбір қадамын қадағалап, жұмыстың дұрыс жүруін бағамдап отыратын бас редактордың орынбасары Ғалым Қожабековті «Астана ақшамының» «жүрегі мен жаны» десе болады. Тапсырманы орындаушы 10 журналист, 1 фотограф, 3 бет қаттаушы, 2 корректор – белгілі бір жоспар аясында жазып, газет беттеп, сурет түсіріп жүргенмен, әрқайсысы өзіндік ойы, әр мәселеге ерекше көзқарасы мен жазу мәнері бар және сол бірегейлігін өз жұмысының өн бойынан көрсетіп жүрген бір-бір шығармашылық иелері. Әрбірінің өзіне бөлінген салалары болғанына және көбіне соған сай мәселе көтеретініне қарамастан, бәрі де – қай тақырыпты болса да игеріп кете алатын білікті мамандар.







P.S: *35 жыл бойы елордамыздың тыныс-тіршілігін үздіксіз жариялап, насихаттап келе жатқан «Астана ақшамы» газеті республикаға танылған үнпараққа айналып отыр. Астаналық газет әлі де қазақ еліне, оның бас қаласына қызмет ете беретіні сөзсіз. Елордамен бірге еңсе тіктеген басылым – «Астана ақшамы» алда да шаһар шежіресін шынайы сипаттап, оқырман ықыласына бөленуді мақсат тұтады.*

№121 (4865) 14/10/2025 Сейсенбі





ТАХАУИ ТЕАТРЫНЫҢ ТАРТУЫ

Тахауи Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театры 35-маусымы аясында елорда көрермендеріне гастрольдік қойылымдарын ұсынды. Астаналықтар үш күн бойы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры сахнасында ақтөбелік әртістердің өнерін тамашалады.

Биыл аталмыш өнер ошағы Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай «Әлия» мюзиклін сахналады. Белгілі ақын Әлия Дәулетбаеваның қаламынан туған туындының қоюшы режиссері – Есләм Нұртазин. Композиторы – Ақжол Өмірзақов. Елордадағы гастрольдер осы қойылыммен ашылды. Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлігін баяндайтын тарихи-өмірбаяндық шығарма оның қиын балалық шағы, әскери өмірі және майдандағы ерлігі туралы сыр шертеді. Әлияның қайсарлығы мен Отанға деген сүйіспеншілігі драмалық тартыстар мен әсерлі диалогтар арқылы ашылады. Қойылымдағы ерекше бейне – «Ажал» кейіпкері. Бұл Әлияның тағдырымен бетпе-бет келіп, оның рухын сынайды. Бас кейіпкерді жас актриса Ажар Жәрденбекқызы сомдаған спектакльде Әлияның мінезі арқылы қазақ қызының табиғи болмысы көрінеді.

«Біз баршаға аян батырдың даңқты бейнесінен бұрын оның психологиялық портретін ашуға тырыстық. 18 жасар өрімдей қызды қанды қасапқа итерген қандай күш? Мюзикл жанрының елімізге белгілі режиссері Есләм Нұртазинмен бірге ең бас қатырған тұс та осы болды. Маған бұл есім 1977 жылы Роза Рымбаева «Әлия» әнімен «Алтын орфейді» жеңіп алған кезде қойылған екен. Арада жылдар өткенде өзім есімін еншілеген әйгілі аттасымның рухына қызмет ету бақыты бұйырды» дейді шығарма авторы Әлия Дәулетбаева.

Екінші күні классик жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің «Тазының өлімі» хикаяты ұсынылды. Бұл туындыда қазақ даласының байырғы дәстүрі мен аңшылық мәдениетінің философиясы қарт аңшы мен оның серігі – тазы арқылы өрбиді. Қойылымда ұлттық құндылықтарға деген құрметтің әлсіреуі мен замана ағымының адам болмысына әсері терең суреттеледі. Қойылымның режиссері – Мейрам Хабибуллин.

«Спектакль «тарих тамыршысы, әдебиет әміршісі» атанған Мұхтар Мағауиннің биік бейнесін халқының мыңжылдықтары мен тағдырын тұтастырып, бүгінгі ұрпаққа сахна төрінен театр тілімен жарқ еткізіп тамаша жеткізді. Автордың бүкіл арман, мақсат, мүддесін тарының қауызындай бір ғана әңгімесі «Тазының өліміне» сыйдырып жібергендей күй кештім. Режиссер Мейрам Хабибуллиннің қолтаңбасы батыл әрі биік талғаммен автордың ішкі жан дүниесін табуға талпынғаны көрініп тұр. Тұғырлы ту көтерген ұлы халықтың құрдымға бара жатқан бұлыңғыр болашағына дабыл қағады. Кеңестік дәуір қасіретін, ұлт аздырудағы сұрқия қылықтарын сахна тілімен әсем көркемдеп, салмақты, саналы сауал тастайды. Бүгінде репертуарында сын көтермейтін спектакльдері бар театрларға үлгі боларлық қойылым «Тазының өлімі» – жаңа табыс, театрдың үлкен жетістігі» деді спектакльді тамашалаған театр режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Қасенов.

Театр гастрольдері әлемдік классика – «Турандот» спектаклімен түйінделді. Карло Гоццидің туындысын трагикомедия жанрында жас режиссер Әлібек Өмірбекұлы сахналады. Тарихы терең нен тартқан аңыз желісімен сахналанған, шығыс шайыры Низамидің ертегілерінде айтылатын ханшайымның оқиғасы – пьесасының негізгі өзегі. Турандот – қытай императорының жалғыз қызы. Оның әлемге жар салған жұмбағын ешкім шеше алмайды. Еркек затына деген кек пен ашуының, аяусыз жазасының себебін жан баласы түсінбейді. Ханзада Калаф қана ішіне қан қатқан зұлым ханшайымның жүрегіне жол табуға тырысады. Таба алар ма? Махаббат азабы мақсатына жеткізер ме? Спектакль сол туралы сыр шертеді.

КӨНЕ САРЫНДАР КЕШІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» халық музыка ансамблі өзінің XXVIII концерт маусымын «Көне сарындар» концертімен ашты.

Бұл кеш сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының рухани қазынасын, дәстүрлі аспаптық музыканың терең дігін, ұлттық үннің құдіретін дәріптейтін тағылымды іс-шараға айналды. Көнеден жеткен күйлер мен бүгінгі тың шығармалар үндесе отырып, көрерменді ұлттық өнердің мәйегіне бөледі. Бағдарламада Қорқыт, Ықылас, Асан қайғы, Байжігіт сынды күйшілердің шығармалары, сондай-ақ халық күйлері мен заманауи авторлық туындылар орындалды. Қобыз, сазсырнай, адырна, сыбызғы, жетіген, шертер, барбыт, пиалафон секілді көне әрі сирек кездесетін аспаптардың үні кештің көркемдік деңгейін айшықтай түсті. Концерт Тоғжан Жахиннің авторлық туындысы – «Алатау аясында» атты аспаптар шеруімен ашылды. Ансамбль бұл шығарма арқылы түрлі көне аспаптың үнімен көрерменді төл музыка әлеміне жетеледі. Қобыздың киелі үніне негізделген Қорқыттың «Ұшардың ұлуы» мен «Қорқыт», Ықыластың «Кертолғау», «Аққу», «Шыңырау» күйлері терең философиялық астарымен ерекшеленсе, Асан қайғының «Жерұйық» шығармасы – халық армандаған мекен туралы толғаныс. Сыбызғыда орындалатын халық күйі «Жылқысын жау айдаған жалғыз жігіт» пен Бейсенбі Дөненбайдың «Қымыз күйі», Жадыра Смағұлованың орындауындағы шертерге арналған «Жорға аю» сынды күйлер тыңдаушыны қазақ даласының тіршілік тынысымен қауыштырды. Қарагөз Гасимованың орындауындағы сазсырнай, адырна, жетіген секілді көне аспаптарға арналған «Зәурен», «Аңшының зары» және авторлық «Тылсым дүние» шығармалары ұлттық үн мен заманауи көзқарастың көркем тоғысын паш етті. Концерт соңында Тельман Ермағанбетовтің пиалафон аспабына қосылып ансамбль орындаған халық күйі «Пиала» сахналық қорытындыға айналды.



МУЗЕЙ КЕҢІСТІГІНДЕГІ КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

Ұлттық музейде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қабылданған 2025-2030 жылдарға арналған Инклюзивті саясат тұжырымдамасы аясында «Музей кеңістігіндегі кедергісіз орта» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.



Парламент депутаттары, аймақтық музейлердің басшылары, мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қорғау саласындағы сарапшылар, ҮЕҰ мен жоғары оқу орындарының өкілдері жиналған іс-шара барысында депутаттар инклюзивті мәдениетті дамытудың маңызын атап өтті. Музей директорлары қолжетімді ортаны қалыптастыру тәжірибесімен бөлісті. Үздік тәжірибелер мен бастамалар таныстырылды. Қатысушылар үшін экскурсия ұйымдастырылып, музейде жасалған инклюзивті орта таныстырылды. Әсіресе Maqsut Narikbayev University магистранттары мен аға оқытушы Анна Лоенко дайындаған аудиодескрипциялардың тұсаукесері ерекше қызығушылық тудырды. Қонақтар «Дулыға», «Құты» экспонаттары мен қазақстандық суретшілердің шығармалары туралы сипаттамаларды тыңдады. Сонымен қатар ымдау тіліндегі экскурсия видеолары бар планшеттер ұсынылып, қатысушылар оларды музей залдарын аралау барысында қолданып көрді. Осылайша, инклюзивті ортаның барлық элементі іс жүзінде көрсетілді. Кездесу соңында Ұлттық музей мен өңірлік музейлер және «Инклюзивті қоғамды дамыту еуразиялық қауымдастығы» ЗТБ арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

КӨКПАРШЫЛАР – ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

Шымкент қаласында көкпардан ересектер арасында XXIV Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталды. Биылғы додада Астана қаласының командасы үздік өнер көрсетіп, қола жүлдеге қол жеткізді.

Жарысқа еліміздің барлық өңірінен 180-нен астам көкпаршы қатысып, бас-аяғы 15 команда 4 топқа бөлініп сайысқа түсті. Әр топтың үздіктері жартылай финалға жолдама алып, ақтық сында бақ сынады. Жеті күнге созылған тартысты чемпионат нәтижесінде Жамбыл облысының «Әулиеата» командасы кезекті рет жеңіске жетіп, Қазақстанның 15 дүркін чемпионы атанды. Шымкент қаласының құрамасы күміс жүлдеге ие болды. Ал Астана қаласының көкпаршылары Қызылорда облысының командасын 3:2 есебімен ұтып, 3-орынға табан тіреді. Сонымен қатар жекпе-жек аттарының ішінен ерекше көзге түскен астаналық «Саян» сәйгүлігі чемпион атанды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Қазақстан Республикасы Көкпар федерациясы ақшалай сыйақымен марапаттады.

Бетті дайындағандар
Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 121
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ